

№ 508 от 23.08.2021

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ
МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО
ЗДРАВООХРАНЕНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

Нұр - Сұлтан қаласы

№ _____

город Нур-Султан

«Ұлттық электрондық денсаулық паспорты мен электрондық ақпараттық ресурстарға ұсынылатын деректердің көлемі мен жиілігін айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 28 желтоқсандағы № 906 бұйрығына толықтыру енгізу туралы

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі Кодексі 60-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 25 қарашадағы бұйрығымен бекітілген 2020 жылғы 16 қарашадағы Мемлекет Басшысының медициналық статистика мәселесі бойынша тапсырмасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 5- тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Ұлттық электрондық денсаулық паспорты мен электрондық ақпараттық ресурстарға ұсынылатын деректердің көлемі мен жиілігін айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 28 желтоқсандағы № 906 бұйрығына мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрыққа қосымша мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 7-жолмен толықтырылсын:

№ р/с	Ақпараттық жүйенің атауы	Деректер тізбесі (көлемі)	Жиілігі
-------	--------------------------	---------------------------	---------

7	«Бекітілген халық тіркелімі»	Туу туралы медициналық куәлік	Кемінде 24 сағат
		Қайтыс болу/перинаталдық өлім туралы медициналық куәлік	Кемінде 72 сағат

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Электрондық денсаулық сақтауды дамыту департаменті осы бұйрық қабылданған күнінен кейін үш жұмыс күні ішінде оны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарына жіберсін.

3. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалар мен астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдары:

1) осы бұйрықты уақтылы және тиісінше орындау бойынша;
2) 2021 жылғы 1 желтоқсанға дейін және 2022 жылғы 1 шілдеге дейін осы бұйрықтың орындау бойынша ақпаратты ұсыну бойынша шараларды қабылдасын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрі**

А. Цой

Согласовано

20.08.2021 15:02 Шакирова Сауле Бахтияровна
20.08.2021 15:05 Ахмадиева Гулнур Қуанышевна
20.08.2021 15:10 Бекбулатов Фархад Бауржанович
20.08.2021 15:13 Есенбаев Бейбут Салымович
20.08.2021 16:48 Темирханов Серикболсын Темирханович
20.08.2021 16:55 Оразбек Серікболсын Есіркепұлы
20.08.2021 18:53 Жаксалыкова Гульнара Батырхановна
20.08.2021 18:53 Сарсенбаева Гульнара Едиловна
21.08.2021 10:38 Дюсенов Азамат Кинаятович
21.08.2021 13:16 Амиргалиев Еркінбек Рахимбаевич
21.08.2021 13:25 Буркитбаев Жандос Қонысович

Подписано

23.08.2021 19:06 Цой Алексей Владимирович